

«Педагог мәртебесі туралы» заңда мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін не көзделген?



Менің атыма науқас балаларға арналған балабақшалар мен мектептердің тәрбиешілерінен олардың құқықтарын мұғалімдермен теңестіріп, жалақыларын көбейту жөнінде өтініштер келіп түсуде. Үндеріңіз маған жетті. Келесі жылы Үкімет осы мәселені қарастырады.

Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының Президенті



**2020 жылы жалақыны 25% өсіру,
4 жыл ішінде екі есе арттыру**



**Еңбек демалысының кезеңін
42 күннен 56 күнге ұзарту**



**Педагогикалық шеберлігі үшін лауазымдық жалақыдан
30% бен 50% аралығында жаңа қосымша ақы енгізу**



**Педагогті өз міндетіне жатпайтын функцияларға
тартудан қорғау, қарастырылмаған есептіліктен босату**



**Педагогтердің балаларына тұрғылықты жері бойынша
мектепке дейінгі ұйымдарға бірінші кезекте
орын беру**





«Педагог мәртебесі туралы» заңда ТЖКБ педагогтері үшін не көзделген?



2020 жылы жалақыны 25% өсіру,
4 жыл ішінде екі есе арттыру



Жаңа жүйе бойынша ТЖКБ педагогтеріне
біліктілік санаты үшін лауазымдық жалақыдан
30% бен 50% аралығында қосымша ақы енгізу



Педагогті өз міндетіне жатпайтын
функцияларға тартудан қорғау,
қарастырылмаған есептіліктен босату



Педагогтердің балаларына тұрғылықты жері
бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға
бірінші кезекте орын беру



EDUNews



Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керекі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім.

Ахмет Байтұрсынұлы

«Педагог мәртебесі туралы» заңда орта білім беру ұйымдарының педагогтері үшін не көзделген?



2020 жылы жалақыны 25% өсіру, 4 жыл ішінде екі есе арттыру



Тәлімгерлік үшін қосымша ақы 1 БЛЖ (17 мың теңге) енгізу



Педагогикалық шеберлігі үшін лауазымдық жалақыдан 30% бен 50% аралығында жаңа қосымша ақы енгізу



ҮОЖ жүктемесінің төмендеуі есебінен 2021 жылдан бастап оқу жүктемесінің 18 сағаттан 16 сағатқа дейін төмендеуі



Педагогтердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға бірінші кезекте орын беру



Халықаралық конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарына, түрлі олимпиадалар мен спорттық жарыстардың лауреаттарын даярлаған педагогтерге үш лауазымдық жалақыға дейін біржолғы сыйақы төлеу



«Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы үшін 1000 АЕК мөлшерінде біржолғы сыйақы төлеу



Магистр дәрежесі үшін 10 АЕК мөлшерінде қосымша ақы енгізу



Екі есе мөлшерде қосымша ақы:
✓ сынып жетекшілігі үшін
✓ дәптер тексергені үшін



Біліктілік санаты үшін мектеп директорлары мен мектеп директорлары орынбасарларының жалақысын арттыру



Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру



Педагогті өз міндетіне жатпайтын функцияларға тартудан қорғау, қарастырылмаған есептіліктен босату

«Педагог мәртебесі туралы» заң 21 баптан
тұрады және жарты миллионнан астам
ұстаздың жұмысына қатысты.

Жалпы Заң төрт бағытты қамтиды:

Бірінші, ұстаздардың құқықтарын кеңейту
және өзіне тән емес жұмыстан босату,
жүктемесін азайту;

Екінші, мұғалімнің қызметіне қойылатын
талаптарды күшейту;

Үшінші, материалды емес стимул тетіктері;

Төртінші, материалдық ыңталандыру.

1-БАП. ОСЫ ЗАҢДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- 1) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар жә не білім алушыларды және (немесе) тәрбиелеушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдіс-тәсілдік қолдау немесе ұйымдас тыру бойынша педагогтың кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам;
- 2) педагогтік әдеп – педагогтердің Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген мінез-құлық нормалары;
- 3) педагогтік әдеп жөніндегі кеңес – білім беру ұйымында құрылатын, педагогтердің педагогтік әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган;
- 4) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі.

2-БАП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫ

1.Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. 2.Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғандардан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-БАП. ОСЫ ЗАҢНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Осы Заңның күші мектепке дейінгі білім беру ұйым дарында, орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, мамандандырылған, арнаулы білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға қосымша білім беру ұйым дарында, сондай-ақ әдістемелік кабинеттерде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтерге қолданылады.

Әскери оқу орындарының педагогтеріне осы Заңның күші «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктермен қолданылады.

4-БАП. ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

1.Қазақстан Республикасында педагогтің ерекше мәртебесі танылады, бұл оның кәсіптік қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

2.Білім беру саласында кәсіптік қызметін жүзеге асырған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті ұйыммен еңбек қатынас тарында болған кезеңде адам педагог мәртебесіне ие болады.

3.Педагог лауазымдарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

5-БАП. ПЕДАГОГТИК ӘДЕП

1. Педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

2. Педагогтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.

3. Педагогтік әдепті білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді

6-БАП. ПЕДАГОГТИҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші педагогке ол кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін жағдайды қамтамасыз етеді. Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде: 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;

2) одан Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге;

4) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол берілмейді. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.

7-БАП. ПЕДАГОГТИҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕГІ

ҚҰҚЫҚТАРЫ Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;
- 4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
- 16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқын далған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге; 19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан арнамысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар. Педагогтің осы баптың 1-тармағында көзделген құқық тарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

8-БАП. ПЕДАГОГТИҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ ҚҰҚЫҒЫ

Мемлекеттік ұйымдарда кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке еңбегіне ақы төлеу жүйесі, лауазымдық айлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады. Жекеменшік білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің еңбегіне ақы төлеуді олардың құрылтайшылары немесе соған уәкілеттік берілген адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды. Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекітеді. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі: 1) 16 сағат – орта білім беру ұйымдары үшін;

2) 18 сағат: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін; білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру ұйымдары үшін; мамандандырылған және арнаулы білім беру ұйымдары үшін;

3) 24 сағат: мектепке дейінгі ұйымдар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепалды топтары, білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптары үшін; балалар мен жасөспірімдердің спорттық білім беру ұйымдары үшін;

4) 30 сағат – интернаттық ұйымдардың, демалыс лагерьлерінің, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары жатақханаларының тәрбиешілері үшін;

5) 25 сағат – арнайы білім беру ұйымдарының және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиешілері үшін белгіленеді. Мемлекеттік ұйымдардың педагогіне негізгі жұмыс орны бойынша: философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 17 еселенген мөлшерінде; ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің

17 еселенген мөлшерінде, ғылым докторы ғылыми дәрежесі үшін айлық есептік көрсеткіштің 34 еселенген мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді. Мемлекеттік орта білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке негізгі жұмыс орны бойынша ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді. Жергілікті атқарушы органдар педагогтерге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 300 еселенген мөлшерінде сыйақы түрінде қосымша ынталандыру төлемдерін белгілеуге құқылы

9-БАП. ПЕДАГОГТИҢ КӨТЕРМЕЛЕНУГЕ ҚҰҚЫҒЫ

1. Адал еңбегі және өзінің кәсіптік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ ұйымның ішкі тәртіп қағидаларында көзделген көтермелеулер қолданылады.
2. Педагогтің аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін оған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік наградалар, оның ішінде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы беріледі. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағына ие болған педагог республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінде біржолғы төлем алады.
3. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқын дайтын тізбе бойынша білім алушылар мен тәрбие ленушілер арасындағы халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың және спорттық жарыс тардың жеңімпазын, жүлдегерін дайындаған педагогке тиісті мемлекеттік білім беру ұйымының қызметі бойынша үнемдеу есебінен үш лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы сыйақы төленеді.

4. Жергілікті атқарушы органдар біржолғы сыйақы төлей отырып немесе онсыз, жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарды тағайындау және ынталандырудың өзге де нысандары арқылы, оның ішінде Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелік күндерге орай педагогтерді көтермелеудің қосымша шараларын белгілеуге құқылы. Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтардың сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін жергілікті атқарушы орган айқындайды.

5. Жыл сайын республикалық бюджет қаражаты есебінен «Үздік педагог» атағын иеленушіге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде және тәртіппен сыйақы төленеді.

10-БАП. ПЕДАГОГТІК ҚАЙТА ДАЯРЛАУ

1. Педагогтік білімі жоқ, тиісті бейіні бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар адамдар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының базасында педагогтік қайта даярлаудан өтеді.
2. Педагогтік қайта даярлау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.
3. Осы баптың нормалары қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдарға қолданылмайды.

11-БАП. ПЕДАГОГТИҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІМЕН АЙНАЛЫСУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ШЕКТЕУ

Педагогтің кәсіптік қызметіне:

- 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;
- 3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, психиатриялық және (немесе) наркологиялық есепте тұрған;
- 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;
- 5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

12-БАП. ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР

Педагогтерге:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғынжайға, оның ішінде қызметтік тұрғынжайға және (немесе) жатақханаға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне кепілдік беріледі. Ауылдық елді мекендерде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басымдық тәртіппен жүзеге асырылады;
- 3) ұзақтығы күнтізбелік 56 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына; 4) өздеріне кезекті еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет кемінде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақыға кепілдік беріледі. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктері білім беру саласындағы уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша бекітетін қағидаларда айқындалады. Педагогтердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдардан орындарды жергілікті атқарушы органдар бірінші кезектегі тәртіппен береді.

Педагог Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз ететін әлеуметтік кепілдіктерді иеленеді. Ауылдық елді мекенде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке:

- 1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қала жағдайында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің ставкаларымен салыстырғанда айлықақылар мен тарифтік ставкалар кемінде жиырма бес пайызға арттырылып белгіленеді;
- 2) жергілікті өкілді органдар бекіткен тәртіппен және мөлшерде бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Ауылдық елді мекендерге кәсіптік қызметін жүзеге асыру және тұру үшін келген педагогке жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Жергілікті атқарушы органдар педагогке тұрғынжайды жалдау (жалға алу) үшін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге өтемақы төлемдерін, санаторийлік-курорттық емделуге және демалуға жолдама сатып алу үшін толық немесе ішінара төлемдер, сондайақ педагогті әлеуметтік қолдауға бағытталған өзге де жеңілдіктер белгілеуге құқылы

13-БАП. ТӘЛІМГЕРЛІК

Орта білім беру ұйымында кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен педагогке бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіліп беріледі. Тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

14-БАП. ПЕДАГОГКЕ БІЛІКТІЛІК САНАТЫН БЕРУ

(РАСТАУ) Педагогтерге біліктілік санаттар білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен беріледі (расталады).

15-БАП. ПЕДАГОГТИҢ МІНДЕТТЕРІ Педагог:

- 1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
- 3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);
- 4) педагогтік әдепті сақтауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;
- 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

16-БАП. ПЕДАГОГТІК ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС 1.

Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің қызметі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде білім беру ұйымы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады. Педагогті тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы шешім педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы еске ріле отырып, білім беру ұйымы басшысының актісімен қабылданады. Педагогтік әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:

- 1) қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;
- 2) қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;
- 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
- 4) шешімді жазбаша түрде алуға;
- 5) қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

17-БАП. ПЕДАГОГТІ КӘСІПТІК ДАЯРЛАУ

1. Педагогті кәсіптік даярлау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (неме се) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

2. Педагогтерді кәсіптік даярлаудың білім беру бағдарламалары педагогтің кәсіптік стандартының талаптары негізінде әзірленеді.

18-БАП. ПЕДАГОГТИҢ БІЛІКТИЛІГІН АРТТЫРУ

1. Педагог бұрын алған кәсіптік құзыреттерін сақтап тұру және дамыту мақсатында біліктілігін арттыру курстарынан өтеді, олардан өту тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Педагогтің біліктілігін арттыру мақсатында қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту бір жолы немесе кезең-кезеңмен жекелеген бағыттар мен пәндерді (модульдерді) меңгеру арқылы, сондайақ «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өту жолымен жүзеге асырылады.

3. Педагогтер алған білімін практикада іске асыруы үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізетін ұйымдар білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен педагогтер қызметін курстан кейінгі қолдауды тегін жүзеге асырады.

19-БАП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

20-БАП. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР Осы Заңның 8-бабы 3-тармағы 2) тармақшасы екінші абзацының қолданысы 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін: «орта білім беру ұйымдары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін;».

21-БАП. ОСЫ ЗАҢДЫ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

Осы Заң, 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 8-баптың 3-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 27 желтоқсан №293 -VI ҚРЗ

https://bilimdinews.kz/?p=82017&fbclid=IwAR19MbljNRyleWW-0xqi1g_11_gFl1Gc3GUYp7GUcHuqMG-cHpGdNSXkxe4

